облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет * областная еженедельная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

№ 14/762

2022 жылғы 08 сәуір, жұма

*Уроки истории*

## КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ: ТУРБУЛЕНТНОСТЬ В ЕВРАЗИИ НЕ ЗАМЕДЛИТ ПРОГРЕСС КАЗАХСТАНА

**В издании The National Interest 4 апреля была опубликована статья Касым-Жомарта Токаева «Турбулентность в Евразии не замедлит прогресс Казахстана».**

Глава РК, напоминая о событиях начала января, подчёркивает, что мирные демонстрации переросли в масштабное насилие, беспрецедентное для всей 30-летней истории независимого Казахстана. «Мы до сих пор восстанавливаемся от этих ран, но мы полностью привержены извлечению уроков из произошедшего, смелому решению проблем и движению вперед», – пишет Касым-Жомарт Токаев.

В статье он также рассказал об отношениях с Россией и Украиной. «Как страны, которые объединяет самая длинная граница в мире, Казахстан и Россия имеют особые отношения, основанные на сотрудничестве», - отметил президент. В то же время Казахстан имеет «традиции дружеских отношений с Украиной» и выражает надежду «на скорое и справедливое урегулирование конфликта в соответствии с Уставом ООН». Этому могут способствовать и поддерживаемые президентом Казахстана контакты со своими коллегами – Владимиром Путиным и Владимиром Зеленским – с целью содействия усилиям международного сообщества по мирному урегулированию конфликта между Россией и Украиной.

Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что в свою очередь для Казахстана главным недавним шоком стали январские события. Урок из них, который извлекает для себя наша страна – «это признание того, что законные требования граждан должны озвучиваться без страха насилия или преследования», что предполагает реальное укрепление механизмов диалога между государством и гражданским обществом.

Рассказывая свои ключевые инициативы по реформированию и модернизации Казахстана, президент отмечает, что они в первую очередь направлены на решение экономических и социальных проблем, поднимаемых соотечественниками. «Мы чётко и ясно услышали их ожидания», – указывает президент.

По словам главы государства, сегодня «страна приступает к беспрецедентной децентрализации государственной власти, усиливая систему сдержек и противовесов». При этом коррупция и непотизм действительно станут нетерпимыми явлениями, что позволит предотвратить «концентрацию политической власти и накопление богатства в руках немногих»....

**Источник: https://kapital.kz,**
***полный текст читайте по ссылке***

*Новости Акорды*

## МИРОВЫЕ ЛИДЕРЫ ПОЗДРАВИЛИ ТОКАЕВА С РАМАЗАНОМ

**На имя Президента Касым-Жомарта Токаева поступают поздравительные телеграммы от глав иностранных государств по случаю начала священного месяца Рамазан, передает Tengrinews.kz со ссылкой на сайт Акорды.**

Президент Узбекистана Шавкат Мирзиеев отметил, что связывающие народы двух стран отношения прочной дружбы, добрососедства, стратегического партнерства и союзничества в последние годы стремительно развиваются.



«Убежден, что всестороннее расширение сотрудничества между Узбекистаном и Казахстаном послужит не только процветанию двух соседних народов и государств, но и обеспечению мира, спокойствия и стабильности во всем нашем регионе», — отмечается в телеграмме узбекского лидера.

Король Саудовской Аравии Салман бен Абдельазиз Аль Сауд и наследный принц королевства Мухаммед бен Салман бен Абдельазиз Аль Сауд, поздравив Касым-Жомарта Токаева со священным месяцем Рамазан, пожелали ему крепкого здоровья и счастья, а братскому народу Казахстана — дальнейшего развития и процветания.

Лидера Казахстана также поздравили президент ОАЭ Халифа бен Заид Аль Нахаян, вице-президент, премьер-министр ОАЭ, правитель эмирата Дубай Мухаммед бен Рашид Аль Мактум, наследный принц Абу-Даби, заместитель верховного главнокомандующего вооруженными силами ОАЭ Мухаммед бен Заид Аль Нахаян, король Иордании Абдалла II, наследный принц Кувейта Мешаль аль-Ахмед аль-Джабер ас-Сабах, король Марокко Мухаммед VI, король Бахрейна Хамад бен Иса Аль Халифа и президент Палестины Махмуд Аббас.

Напомним, в 2022 году Рамазан начался 2 апреля и закончится 1 мая. Пост продлится 30 дней. 2 мая мусульмане Казахстана отметят Ораза айт.

**Источник: http://ekaraganda.kz/**

*Ән байқауы*

## «БАЛА ДАУЫСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕТІНШІ МАУСЫМЫ

**1 сәуірден бастап Ұлттық «Бала дауысы» балалар ән байқауының жетінші маусымы басталады. Конкурс ұйымдастырушылары еліміздегі дарынды балақайлармен жаңа кездесулерді асыға күтуде!**

**5 сәуір мен 15 мамыр аралығында өтететін қашықтан іріктеу кезеңі** өзінің жаңа маусымын ашады. Оған қатысу үшін Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі **8 жас пен 12 жас аралығындағы** балалар шақырылады. Іріктеу кезеңіне қатысу **өтінімін www.baladausy.kz** сайты арқылы беруге болады.

**20 мамырда** кәсіпқой қазылар алқасы **қашықтан іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша әр аймақтан бір-бір орындаушыдан 17 финалға жолдама алатын қатысушыны таңдайды.**

**1 маусым мен 1 қазан аралығында** 17 финалистке арнап вокал, хореография, актерлік шеберлік сабақтары, белгілі мәдениет және өнер қайраткерлерінің шеберлік-кластары, фотосессиялар, телевизиялық роликтердің түсірілімдері ұйымдастырылады. Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін балалар Көк Төбе саябағында концерттік бағдарламасын ұсынады.

Дәстүр бойынша осы кезең ішінде әрбір финалға қатысушыға жеке дизайн бойынша имиджік және сахналық костюмдер тігіледі, бейне контент әзірленіп, отандық композиторлар жазған жаңа балалар әндері сыйға тартылады. Конкурс аясында жазылатын барлық авторлық композициялар байқаудың сайтына орналастырылады, оларға еркін қол жеткізуге болады.

**Байқаудың финалдық концерттік бағдарламасы** қазан айының 8-де Алматы қаласындағы Республика сарайының сахнасында өтеді. Балалар көрермендерге ұмытылмайтын шоуды сыйға тартады, онда балалар Илья Башкатовтың басқаруындағы бэндтің сүйемелдеуімен танымал қазақстандық композициялары сольдік түрде орындайды.

«Бала дауысы» конкурсының Гран-при иегеріне еліміздің ең беделді оқу мекемелерінің бірінде оқуға Грант және әйгілі ертегі елі Лапландияға шақырту табысталады! Дипломанттарға 11 номинация бойынша атаулы мүсіншелер мен бағалы сыйлықтар табысталады және олардың болашақта шығармашылық дамуына «Бала дауысы» байқауы әлеуметтік жоба, яғни балалар бұл байқауға тегін қатысадь қолдау көрсетіледі .



**"Приозерск қ. ІС,МжТД Б" ММ**

*Песенный конкурс*

## «БАЛА ДАУЫСЫ» ОТКРЫВАЕТ СВОЙ СЕДЬМОЙ СЕЗОН

**С 1 апреля стартует седьмой сезон Национального детского песенного конкурса «Бала дауысы». Организаторы конкурса с нетерпением ждут новых встреч с талантливыми ребятами нашей страны!**

Откроет новый сезон **дистанционный отборочный этап, который пройдет с 5 апреля по 15 мая.** Для участия в нем приглашаются дети в возрасте **от 8 до 12 лет** со всех уголков Казахстана. **Подать заявку** для участия в отборочном этапе можно будет на сайте **www.baladauysy.kz.**

**20 мая** профессиональное жюри назовет **имена 17 юных исполнителей – по одному от каждого региона, которые начнут подготовку к финалу**.

**С 1 июня по 1 октября** для 17-ти финалистов будут организованы занятия по вокалу, хореографии, актерскому мастерству, мастер-классы от известных деятелей культуры и искусства, фотосессии, съемка в телевизионных роликах. Для жителей и гостей г. Алматы дети представят концертную программу в парке Кок Тобе.

Каждому финалисту будут сшиты и подарены имиджевые и сценические костюмы по индивидуальному дизайну, разработан видеоконтент, а отечественные композиторы напишут новые песни. Необходимо отметить, что все авторские композиции, создаваемые в рамках Конкурса, размещены в свободном доступе на сайте конкурса.

**Финальный этапа Конкурса** состоится 8 октября в алматинском Дворце Республики. Дети подарят зрителям незабываемое шоу, на котором исполнят популярные казахстанские хиты в новой аранжировке в сопровождении музыкального бэнда под управлением Ильи Башкатова.

Обладателю Гран-при «Бала дауысы» будет вручен Грант на обучение в одном из самых престижных музыкальных учебных заведений страны и приглашение в сказочную Лапландию! Дипломанты станут обладателями именных статуэток и ценных призов по 11 номинациям, получат под-держку в дальнейшем творческом развитии.

Следует отметить, что конкурс «Бала дауысы» является социальным, то есть дети принимают участие в нем на безвозмездной основе.

**ГУ "ОВП,КиРЯ г.Приозерск"**



*«Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз.*

*Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз».*

***Қасым-Жомарт Тоқаев***
***(«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауынан)***

# БАТЫЛ ҚАДАМДАРҒА ЖОЛ ТАРТҚАН БАСТАМАЛАР

*Президент Жолдауы – жаңа Қазақстанның негізі*

Биылғы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауын жариялап, ел дамуының саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңғыруының басты бағдарын айқындап берді. Егеменді еліміздің аумақтық тұтастығы мен халқымыздың қауіпсіздігін сақтау үшін мызғымас бірліктің маңыздылығына тоқталып, еліміздегі биылғы жыл басында орын алған «қаңтар оқиғасы» қасіретінің қатерін ой елегінен өткізе сөз сабақтаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ұстанымындағы жауапкершілік салмағының зор екендігін айқын байқатты. Әсіресе, қаңтар оқиғасына қатысты тергеу амалдарына алаңдаушылық білдіріп, билік тарапынан тек әділетке жүгінуге кепіл боларлық өзінің пікірін ашық айтты.

Жолдауда сөз болған еліміздегі Президент өкілеттігін қысқарта отырып, Парламент өкілдігін арттыру, сол арқылы елдегі демократиялық сергектікті қамтамасыз ету жөніндегі бастамалары кімге болсын ой саларлық. Сонымен қатар, ел басқарушы Президенттің партия мүшесі болуын шектеу, сәйкесінше әкімдер мен әкім орынбасарларының партия қызметіне араласпауы сынды тың бастамалары партиялық дамудың дербестігін қамтамасыз ететін басты фактор деп санайтын едім. Жоғарғы билік өкілі ретінде Президенттің араласпауын шын мәніндегі демократиялық мүмкіндік және партиялар арасындағы саяси бәсекелестікті дамыту ретінде бағалау керекпіз.

Әр кез саяси реформалардың науқаншылдыққа емес, байыпты бағдарламаларға негізделуі тиіс. Осы тұрғыда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев батыл қадамдарға жол тартып, тарихи шешімдер қабылдады. Сонымен қатар, Ұлы Даланың Ұлытау аймағының облыс болуы, Семей өңірінде Абай облысының аумағын құру және Алматы облысын екіге бөліп, Жетісу облысын жасақтау - халықтың көкейіндегі орын алған талай жылдан бергі арман-тілегі болатын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз. Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз. Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге сенімді орнықтырамыз. Жұртымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз. Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз. Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетінарттыра аламыз. Осылай ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз. Біз кез келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп сенемін» - деді. Жолдауда жарияланған реформалардың жүзеге асуы қоғамның бірлесуі мен тұтастығына байланысты. Қазақстан Республикасының Президенті-Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының тапсырмаларын бұлжытпай орындау – сап түзеген әрбір әскери қызметші үшін асқан жауапкершілік болып табылады. Басты мақсат – бой түзеген ортада кәсіби біліктілікті арттыруға, жауынгерлік даярлықты ілгерілетуге және әскери тәртіпті қатаң сақтауға мән беру керекпіз!

Жақында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен егеменді ел армиясының қатарына Арнайы операциялар күштерінің қолбасшылығы құрылғаны белгілі. Мұндағы әскери қызметшілерге берілген тапсырмаларға зор жауапкершілік таныту жүктелген. Сонымен қатар, жеке құрамға терроризмге қарсы операцияларға қатысу және заңсыз қарулы топтарға қарсы іс-қимылды жүзеге асыру көзделген. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауының жүгі – баршамыздан «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» іске кірісуді талап етеді. Сондықтан да, бүкіл ел болып Мемлекет басшысының маңайына топтасып, ел игілігі жолындағы берілген тапсырмаларды бірге жүзеге асырайық! Біз – бойымыздағы бар күш-жігерімізді Жолдау тапсырмаларын жүзеге асыруға бағыттауға дайынбыз!

**Тілек Кенжебеков,**
***Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы***
***Суретті түсірген: Думан Құрманғалиев***

*Отклик на Послание Президента*

# В ЧЕМ СИМВОЛИЗМ ПЕРЕИМЕНОВАНИЯ КАПШАГАЯ В ЧЕСТЬ КУНАЕВА



**В новом Послании Президента я с радостью услышала предложение назвать именем Динмухамеда Кунаева город Капшагай, который станет центром Алматинской области.**

Символично, что Послание Президента Касым-Жомарта Токаева прозвучало накануне праздника Наурыз, когда обновляется природа. Обновляется и наш Казахстан. И, безусловно, в лучшую сторону: нас ждут серьезные реформы – как в политике, так и в экономике.

Особую поддержку хотела бы высказать инициативе Главы государства о переименовании города Капшагая в честь Динмухамеда Ахмедовича Кунаева.

Этого человека я всегда вспоминаю с большим чувством благодарности и уважения. Он руководил республикой в 60–80-е годы прошлого столетия, с его именем связано становление Казахстана как одной из самых сильных и развитых республик бывшего Союза.

С Димашем Ахмедовичем Кунаевым я была знакома с 1967 года, когда работала руководителем Тарановского района Кустанайской области. Он был большим авторитетом не только в Казахстане и Советском Союзе, но и в мире. Его знали, уважали, к нему тянулись люди.

На протяжении 20 лет мне выпала честь встречаться с ним много раз. Я видела Димаша Ахмедовича во время встреч с рабочими, колхозниками, тружениками заводов и фабрик, на заседаниях Центрального комитета партии, на пленумах, конференциях и съездах.

И везде он оставался неизменным – ответственно относился к делу, был внимателен к людям. Никакого высокомерия и величия. Прост, доступен, всегда готов работать. Он был образцом для подражания многим поколениям людей.



Кунаев очень много сделал для Казахстана. Только за первые семь лет его руководства экономический потенциал Казахстана удвоился, а промышленность дала продукции больше, чем за все годы со дня образования республики. Тогда активно строились города, фабрики и заводы, прокладывались дороги, развивался транспорт. В сельской местности возводились школы, больницы, детские дошкольные учреждения, спортивные сооружения, жилье, которое предоставлялось бесплатно.

На просторах республики паслись миллионные стада! На работу в село с удовольствием ехали молодые специалисты.

Димаш Ахмедович был истинным интернационалистом не на словах, а на деле, укреплял и сохранял дружбу народов, следил, как воспитываются и выдвигаются молодые кадры.

В связи с этим вспоминается такой случай. Шла уборка урожая 1976 года, я тогда была секретарем райкома партии Кустанайского района. К нам приехал Димаш Ахмедович – он обязательно бывал на целине во время уборочной кампании. Объехали с ним поля, а они чистые – ни овсюга, ни осота. Хлеб созрел, темпы работ хорошие.

Приехали на опытную станцию, а там хлеб по грудь стоит, колосья хорошие. Димаш Ахмедович посмотрел, приобнял хлеб и спрашивает: «Вера Васильевна, сколько сдадите?» Отвечаю: «25 миллионов пудов». Он говорит: «Замечательно. Если столько действительно сдадите и если для Казахстана будет выделена хоть одна звезда Героя, она будет вашей». Я заметила: «От наград, Димаш Ахмедович, конечно, не отказываются, но если мы сдадим 25 миллионов, вы бы помогли нам построить Дом культуры в районном центре». «И Дом культуры будет», – отвечает.

Тут же дал задание своим помощникам записать эту мою просьбу. А надо сказать, Димаш Ахмедович никогда не забывал обещаний. И Дом культуры у нас действительно появился, причем очень хороший.

Прошло лето, затем осень. И вот однажды, уже зимой, в декабре, я дома белила потолок в кухне, вдруг стучатся в дверь. Выхожу, стоит фотокорреспондент Давыдов из КазТАГа, улыбается и говорит: «Вера Васильевна, вы знаете, что подписан указ Президиума Верховного Совета о присуждении вам звания Героя Социалистического Труда?» Я так и села. Но потом пришлось снять косынку, надеть пиджак и фотографироваться.

Димаш Ахмедович искренне любил свою страну, хотел видеть ее сильным и процветающим государством. С небольшими интервалами он проработал 25 лет в должности Первого секретаря ЦК КП Казахстана. Дважды назначался председателем Совета министров КазССР. Более 20 лет входил в состав Политбюро ЦК КПСС.

Разные это были годы: не только победные, но и сложные. Но каким бы ни оказывался путь, это наша общая история, в которую вплетены судьбы миллионов простых людей, поэтому она так дорога.

И мне очень приятно, что в лице нашего Президента Касым-Жомарта Токаева я вижу стиль работы Димаша Ахмедовича – это честность, правдивость, умение держать слово, способность объективно оценивать людей, знание дела и, конечно, искренняя любовь к своей стране. И мы – все граждане Республики Казахстан – должны эту любовь доказывать делом, прилагать усилия для развития и процветания государства.

**Вера Сидорова,**
***герой социалистического труда, экс-заместитель председателя Президиума Верховного Совета Казахстана (на фото)***
***Источник: https://kazpravda.kz***

*Жұмысқа орналасуға көмек*

# БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

**«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-сі, жұмыссыз азаматтарға, оның ішінде жоғары және орта оқу орындарының түлектері қатарындағы жұмыссыздарға, сондай-ақ азаматтардың жекелеген санаттары (бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, алимент бойынша берешегі бар азаматтарға) ай сайын тұрақты жұмысқа орналастыру мақсатында бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастырады.**

Ағымдағы жылы жұмыспен қамту орталығы 4 бос жұмыс орындар жәрмеңкесін өткізді. Жәрмеңкелерге Приозерск қаласының 30-дан астам кәсіпорындары мен мекемелерінің өкілдері және 110 бос жұмыс орыны ұсынылып, нәтижесінде 20 адам тұрақты жұмысқа орналастырды.

Сондай-ақ, жұмыс іздеушілерге әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар және жастар тәжірибесі, алғашқы жұмыс орындары, ұрпақтар келісімшарты, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіптік оқыту курстары әрі қарай 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде жұмысқа орналастыру ұсынылды.

**Ермекбай А.К.,**
**Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының маманы**



*Дін және мемлекет*

# РАДИКАЛДЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ҚАУІПТІ

**Радикалдық идеология кез келген қоғам мен мемлекет үшін қауіпті. Ол ұлтаралық, дінаралық араздықты тудырып, бірлік пен ынтымаққа зиян келтіреді.**

Дәстүрлі дінге қайшы ағымдарды қоғамда деструктивті немесе теріс пиғылды діни ағымдар деп атайды. Яғни, «деструктивті» деген сөз латын тілінен «құлату», «қалыптасқан жүйені бұзу» деген мағынаны білдіреді. Жалпы айтсақ, діннің атын жамылған жат ағымдардың/топтардың мүшелері діни сауаты төмен, әлеуметтік тұрмысы нашар жастарымызды өз қармақтарына түсіру үшін өздерін ақиқат жолындағы шынайы діндарлар етіп көрсетіп, Отанына, отбасына және ата-бабамыз ғасырлар бойы дәріптеген дәстүрлі дінімізге, қалыптасқан салт-дәстүрімізге күдік келтіріп, қарсы қояды. Тіпті, өздерінің істеген істерін және сөйлеген насихат сөздерін дәлелдеу мақсатында Қасиетті Құран мен хадистерден мысал келтіріп, жастардың санасын улап, радикалды идеологиясын таратады.

Деструктивті діни ағымдар барлық тарихи кезеңдерде қоғамды ыдыратушы құрал ретінде өз белсенділігін жоғалтпаған. Саяси мүдделер мен қаржыны мақсат еткен діни ағымдар бүгінде технологияның жетістіктері арқылы прозелитистік әрекеттерін жаһандық деңгейде жүзеге асыруға қол жеткізді. Халықаралық экстремистік ұйымдар қажетті қаржылық және адам ресурстарымен жабдықталған, трансұлттық деңгейде қанатын кең жайған дербес жүйеге айналып отыр. Жаһандану кезеңінде ғаламтор және әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланып, дүниенің әр жерінде тұрақтылықтың бұзылуына әрекеттенген мұндай топтар дін атын бүркеніп, өздерін шариғаттың заңдарына негізделген мемлекет құрушы күштер ретінде жарнамалауда.

Радикалды діни ұйымдардың идеологиясын шынайы әрі тура жолдағы діни сеніммен байланыстыруға болмайтынын мынадай айырмашылықтардан анық байқауға болады:



- радикалды ағымдар ымыраға келмейді және өзге дін өкілдерімен өзара келісім орнату мәселесін жоққа шығарады;

-радикалды деструктивті топ идеологтары адамдар арасында орныққан бауырластық, достық, туыстық және отбасылық қатынастарын бұзуға үндейді;

-радикалды ағымдар саяси және қаржылық мүдделер үшін мемлекеттің тұрақтылығы мен тұтастығын бұзуға, жергілікті халыққа заңсыз өз үстемдігі мен билігін жүргізуге әрекеттенеді;

-діни заңнамаларда бекітілген нормаларды сақтамай өз нәпсілеріне еріп, қылмыстық жазаны жүзеге асырады.

Радикализм - белгілі бір көзқарасты ұстану, тек соны жақтау деген мағынаны білдіреді. Жат ағымдардың таралуы діни сауатсыздықтан болып жатыр. Статистикалық мәліметтер бойынша дінге қызығушылық білдірген азаматтардың 73% қажетті мағлұматтарды ғаламтор желісінен іздейді. Бұл көрсеткіш еліміздегі жастардың басым бөлігі діни сауатын ең алдымен ғаламторда ашатынын көрсетеді. Яғни, қазіргі ғаламтор сайттары, видеохостингтер, әлеуметтік парақшалар, блогплатформалар және басқа да байланыстырушы масс-медиа құралдары әлемде жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптердің туындауына септігін тигізуде. Сондықтан да, қоғам қауіпсіздігі үшін еліміздегі дәстүрлі дінімізге көлеңке түсіретін сайттардың, әлеуметтік желілердің жауапкершілігін қатайту қажет.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен елдегі діни саланы реттеу мәселелері Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың бірлесе үйлесімді жасап жатқан жұмыстарының нәтижесінде елдегі діни ахуалдың тұрақтылығы сақталып келеді. Мемлекет басшысының нұсқамаларын орындау аясында террористік қатерлерді бейтараптандыруға арналған Қазақстанның жеке дербес жүйесі құрылды әрі ол жыл сайын жетілдірілу үстінде. Елімізде экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимылға қатысты біршама тәжірибе мен біліктілік базасы жинақталды. Ол ең алдымен алдын алу шараларын жүргізу, халықтың діни-құқықтық сауаттылығын арттыру, түрлі радикалды идеологиялардың ықпалына төтеп беретін иммунитетті қалыптастыру жұмыстарынан тұрады. Халық арасында ұлттық және діни-рухани құндылықтарды кеңінен насихаттау арқылы ғана біз бүгінгі қоғамды және келешек ұрпақты жат идеологиялардың кері әсерінен қорғауды қамтамасыз ете аламыз.

**Д.С. Қожахметов,**
**Приозерск қаласының имамы, АТТ мүшесі**

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

*...Өз тіліңді құрметте!*

*Сүйемін туған тілді-анам тілін,*
*Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.*
*Сұлтанмахмұт Торайғыров*

Кез келген ұлт, мемлекет - бұл, бірінші кезекте, оның бірегей мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан –ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» - деген. Тіл байлығы - әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Яғни, үш тілді білу-жаһандық өмірге жолдама алу деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылығының қағидаты.

Қазақ тілінің сөзді зерделеп, мәніне үңіле білген адам үшін құдіреті шексіз. Орнымен қолдана білгенге – күшті қару, адам жанын емдеп жіберетін - дәрі екені сөзсіз.

Тіл-халықтың мәңгілі ұлт болып қалуының айғағы. Тіл-өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Мемлекеттік тілді еркін меңгеру әр бір азаматтың міндеті. Ойды толықтыру, сананы жетілдіру үшін әдеби кітаптарды жиі оқыған жөн, шығармашылықпен айналысу қажет. Мемлекеттік өзегі- оның бірегейі мемлекеттік тіл. Соңғы жылдар ұлттық рухты көтеріліп, жүректегі қалауы орындалған ерекше жаңару кезеңі десем артық айтпаспын. «Рухани жаңғыру», «Латын әліпбиіне көшу» сияқты аса маңызды жобалардың жүргізілуі соның дәлелі деуге болады. Кез келген ұлттың, сол халықтың ең басты байлығы – ол сол халықтың ана тілі.

«Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл» - деген Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл - ұлт пен ұлттың арасын байланыстыратын, мемлекеттің мәртебесін арттыратын, бар болмысымен, салт-дәстүрімен, тарихымен таныстыратын, ұлтаралық ынтымақтастықты арттыратын қарым-қатынас құралы.

Әрбір азаматтың ана тілін, тарихын, ұлтын, салт-дәстүрін құрметтеуі оның өз ата-анасын, өзін, отбасы мен ұрпақтарын құрметтегенмен тең. Адам баласы қаншалықты көп оқып, білімдімін десе де, өз ана тілін білмей, ата салтын сақтамай, жеті атасын танымай нағыз қазақ, нағыз патриот бола алмайды деп ойлаймын. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру әрбір азаматтың міндеті болып табылады. Ата – бабамыз мирас етіп қалдырған, осы уақытқа дейін жеткен ұлттық құндылықтарымыз, тіліміз бен тарихымыз, білім мен ғылымымыз ұмыт қалмауы үшін кеше мен бүгіннің, бүгін мен ертеңнің арасын үзбей, әрі қарай жалғастыратын жастарымызға зор үміт артамыз. Мемлекеттік тілге жауапкершілік ең алдымен адамның өзіне, болмысы мен түп-тамырына, ата-бабасына деген шексіз құрметінің көрсеткіші.

Мемлекеттік тілді көпшіліктің жақсы игеруі үшін балабақшадағы тіл үйрету дәрежесін көтеріп, бастауыш, орта және жоғары мектептердегі қазақ тілі пәніне бөлінетін сағат санын көбейтіп, оқытылу сапасына қатаң бақылау қою қажет деп ойлаймын. Қытайдың ұлы ойшылы: «Бір тіл білсең-бір адамсың, екі тіл білсең –екі адамсың» - деп айтқан екен. Сондықтан, мемлекеттік тілді білу-әрбір қазақстандықтың міндеті, ал, шет тілін білу - ол жетістіктің табыстың кілті. Мемлекеттік тіл мәдениетке, дәстүрге апаратын жол, ашатын кілт. Жас буынның бірнеше тілді білуі – жеке адамның ғана емес, қоғамның дамуына пайдалы. Яғни, мемлекеттік тілді білу-парыз, ал өзге тілдерді үйрену-қажеттілік. Өйткені, ана тілі-ұлттың тірлік діңгегі. Мемлекеттік тіл мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігін мәселесі. Ана тіліңді ұмытпа, мемлекеттік тілді білу-азаматтық парызың!

**Г.К. Мукышева,**
**«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің библиографы**

*Бұзушылықтардың алдын алу*

# БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ БЕЙІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

**Приозерск қаласы әкімінің 2021 жылғы 25 қарашадағы № 52/227 қаулысы негізінде «Сарышаған Су жылу - 2014» ЖШС 2022 жылға қоғамдық жұмыс жазасына және мәжбүрлі еңбекке тартылған адамдарға тегін қоғамдық пайдалы жұмыстар ұйымдастыру бойынша жауапты мекеме болып айқындалды.**

2022 жылдың 3 айында Приозерск қаласы пробация қызметі есебінен қоғамдық жаза түріне тартылған 3 сотталған өтті. Оның ішінде 1 сотталған «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы аясында және 1 сотталған тұрғылықты мекен жайын ауыстыруына байланысты есептен шығарылды.

Қазіргі таңда Приозерск қаласы пробация қызметінің жолдамасы негізінде қоғамдық жаза түріне сотты болған 1 азамат «Сарышаған Су жылу -2014» ЖШС мекемесінде қоғамдық жаза сағаттарын өтеп жатыр.



2022 жылдың 3 айында бас бостандығынан айыру орындарынан келген азаматтар тарапынан құқықбұзушылықты болдырмау, алдын-алу бойынша жұмысты жандандыруға байланысты Приозерск қалалық пробация қызметімен Приозерск қаласы полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің қызметкерлерімен бірлесіп ақпан айында «Профилактикалық бақылау» және наурыз айында «Пробация» атты жедел профилактикалық іс-шарасы жүргізілді.

Аталған профилактикалық іс-шараның басты міндеті пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған тұлғалардың *(оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан келген азаматтар)* тұрғылықты мекен-жайларын тексеру, олармен тәрбиелік – профилактикалық әңгіме сұхбат жүргізу, материалдық – тұрмыстық жағдайларын тексеріп, әлеуметтік – құқықтық көмек көрсету көлемін және пробация қызметі бақылауынан жалтарып жүрген сотталғандарды анықтау, жазаны бас бостандығынан айырумен ауыстыру, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселелерді шешу үшін жергілікті соттарға ұсыным жолдау, сонымен қатар жұмыссыз жүрген есептік тұлғаларды жұмысқа орналастыру болып табылады.

Жоғарыда аталған іс-шара өз нәтижесін беріп, қорытындысы бойынша 2022 жылдың 3 айында бас бостандығынан айыру орындарынан келген азаматтар қандайда бір қоғамдық тәртіп бұзып, оларға қатысты әкімшілік шара қолданылған жоқ.

**Ф.О.Жамбылбаева,**
***консультативтік – кеңесші органның хатшысы***

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**"БК «Сине Мидас Строй» ЖШС хабарлайды:**

20. 05.2022 ж., сағ. 16:00, Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, Сарышаған ауыл округи, Сарышаған аулы Абай көшесі 18 мекенжайы бойынша Сарышаған ауылының әлімдігі ғимаратының жиналыс бөлмесінде ЖШС «БК «Сине Мидас Строй» Қарағанды облысында орналасқан, "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізін қайта жаңарту үшін пайдаланылатын "Балқаш-Бурылбайтал" учаскесі, 1955-2005 км., лот 3 "Тасарал-Сарышаған" 15 учаске «№1», «№2», «№3», «№3А», «№4», «№4А», «№5», «СМС 1», «СМС 2», «СМС 3», «СМС 4», «СМС 5», «СМС 6», «СМС 7» және «Сарышаган-камень» учаскелері карьерлеріне арналған Тау-кен жұмыстарының жоспары" жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі. Приозерск қаласы мен Мойынты кентінде қоғамдық тыңдау онлайн режимінде өткізіледі.

**Онлайн конференцияға сілтеме:**

***https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg*** . конференция идентификаторы: **320 844 9619**, кіру коды: **8dxVkQ**. Белгіленген қызметтің бастамашысы: "БК «Сине Мидас Строй» ЖШС. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық пошта: тел. **87014859580**, e-mail: **info@sinemidas.com.** Жоба материалдарымен **ecoportal.kz** сайтында танысуға болады: Әзірлеуші ЖШС «Жетысу Жеркойнауы», тел. 87057410438.

**Ескертулер мен ұсыныстар қабылданады:** https://ecoportal.kz/ Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Гермаш Надежда Викторовна expertiza.upr_krg@mail.ru

**Аумақтық әсері:** кең таралған пайдалы қазбалардың учаскелері «№1», «№2», «№4А», «№5», «СМС1», СМС2», «СМС3», «СМС4», «СМС5», «СМС7» Қарағанды облысы Актоғай ауданының оңтүстігінде орналасқан «№3», «№3А», «№4», "Сарышаған-камень" учаскелері Қарағанды облысы Шет ауданының шеткі оңтүстік-шығысында орналасқан, "СМС6" учаскесі Қарағанды облысының Приозерск қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде, автомобиль жолының бойында орналасқан 1955-2005 км. "Тасарал-Сарышаған".

**"БК «Сине Мидас Строй» ЖШС**

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ТОО «СП «Сине Мидас Строй» уведомляет:**

20. 05. 2022 г, в 16:00 часов, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Сарышаганская п.а., п.Сарышаган, ул. Абая дом 18, зал для совещаний в здании акимата п. Сарышаган будут проводится общественные слушания по проекту Раздел «Охраны окружающей среды» к плану горных работ по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 15-и участках (№1, №2, №3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 2, СМС 3, СМС 4, СМС 5, СМС 6, СМС 7 и Сарышаган камень) расположенных в Карагандинской области, используемых для реконструкции международного транзитного коридора «Западная Европа-Западный Китай», участок «Балхаш-Бурылбайтал», км. 1955-2005, лот 3 «Тасарал-Сары-шаган. В г. Приозерск и п. Мойынты общественное слушание проводятся в онлайн режиме.

**Ссылка на онлайн конференцию:**

***https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg*** Идентификатор конференции: **320 844 9619**, Код доступа: **8dxVkQ**. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Сине Мидас Строй». Контакты и электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: тел. **87014859580**, e-mail: **info@sinemidas.com.** Ознакомится с материалами проекта можно на сайте: **ecoportal.kz.** Разработчик ТОО «Жетысу Жеркойнауы», тел.87057410438.

**Замечания и предложения принимаются:** https://ecoportal.kz/ Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, Гермаш Надежда Викторовна expertiza.upr_krg@mail.ru.

**Территориальное воздействие:** Участки общераспространенных полезных ископаемых «№1», «№2», «№4А», «№5», «СМС1», СМС2», «СМС3», «СМС4», «СМС5», «СМС7» находятся на юге Актогайского района Карагандинской области, участки «№3», «№3А», «№4», «Сарышаган-камень» расположены на крайнем юго-востоке Шетского района Карагандинской области, участок «СМС6» расположен на землях административно-территориального подчинения г. Приозерск Карагандинской области, располагаясь вдоль участка автомобильной дороги км. 1955-2005 «Тасарал-Сарышаган»

**ТОО «СП «Сине Мидас Строй»**

*Президенттің тапсырмаларын орындау*

# ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕЛУ-МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫҢ КӨМЕГІМЕН

**Мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын полиция қызметін цифрландыру шеңберінде осы жылдың сәуір айынан бастап «Halyk Homebank» мобильдік қосымшасы арқылы азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу бойынша пилоттық жоба іске қосылды.**



«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде ІІМ ЦДИАӨМ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен бірлесіп, азаматтарға «Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу» мемлекеттік қызметін мобильді қосымшасы арқылы көрсету қамтамасыз етілген.

Бұл жаңашылдық қазақстандықтарға смартфонда 5 минут ішінде тұрғылықты жері бойынша және уақытша тұрған жері бойынша тіркелуге мүмкіндік береді, бұл бүгінгі күні ХҚКО-да көрсетілетін, сондай-ақ «электрондық үкімет» порталында және eGov mobile порталының мобильдік қосымшасында көрсетілетін қолжетімді қызметті алуды жеңілдетеді.

Ол үшін смартфоныңызға «Halyk Homebank» мобильді қосымшасын жүктеп, «Мемлекеттік қызметтер» қойындысында – «Халықты тұрғылықты жері бойынша тіркеу» тармағын таңдап, тіркеу түріне (тұрақты немесе уақытша), тіркеу мерзіміне (қажетті мерзім көрсетіледі), қызмет алушының мәртебесіне байланысты (тұрғын үйдің меншік иесі болып табылады немесе болып табылмайды) жолдарды толтыру жеткілікті.

Қызмет көрсету нәтижесі туралы «Тарих» бөлімінен білуге болады.

Естеріңізге сала кетейік, ел Президенті Қ.Қ.Тоқаев көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу кезінде адамдардың алдында тұрған проблемаларға назар аударды. Ол бұл процестерді толығымен цифрландыруды тапсырды.

«Қағаздар үйіндісі, азапты жүріс. Бұл процестерді толығымен цифрландыру қажет. Адамдар емес, мәліметтер «жүгіруге» тиіс. Ведомствоаралық өзара іс-қимылда және азаматтармен қарым-қатынас кезінде қағазды пайдаланудан бас тартуға ұмтылу қажет» - деп атап өтті Мемлекет Басшысы.

Ішкі істер министрлігі Қазақстан азаматтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру жұмыстарын жалғастыруда. Бүгінгі күні ІІМ ведомствосы көрсететін 40 мемлекеттік қызметтің 38-ін автоматтандырды. Бұл оң нәтиже береді. Халықтың полициямен байланысы қысқаруда. Азаматтар өз уақытын үнемдейді, өйткені мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде бар анықтамалар мен мәліметтерді жинау қажеттілігі жойылды. Мемлекеттік қызметті үйден немесе кеңседен шықпай алу мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу кезеңдері мен мерзімдері қысқартылды. Оларды көрсетудің ашықтығы қамтамасыз етілді, өйткені кезеңдерді, сондай-ақ қабылданған шешімнің уақтылығы мен жанжақтылығын адағалауға болады.

**Қазақстан Республикасы ІІМ баспасөз қызметі**

*Исполняя поручения Президента*

# РЕГИСТРАЦИЯ ПО МЕСТУ ЖИТЕЛЬСТВА - С ПОМОЩЬЮ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ

**В рамках цифровизации полицейской деятельности, осуществляемой по поручению Главы государства, с апреля этого года запущен пилотный проект по регистрации граждан по месту жительства через мобильное приложение «Halyk Homebank».**

В рамках Национального проекта «Технологический рывок за счет цифровизации, науки и инноваций», МВД совместно с МЦРИАП и АО «Народный Банк Казахстана» обеспечено оказание государственной услуги «Регистрация по месту жительства населения Республики Казахстан» гражданам через мобильное приложение банка.

Это новшество позволит казахстанцам регистрироваться по месту жительства или по месту временного проживания на смартфоне за 5 минут, что более упростит получение услуги, которая на сегодня оказывается в ЦОНах, а также доступна на портале «электронного правительства» и мобильном приложении портала **eGov mobile.**

Для этого достаточно скачать на смартфон мобильное приложение «Halyk Homebank», во вкладке «Гос.услуги» выбрать - «Регистрация по месту жительства населения» и заполнить поля в зависимости от вида регистрации (постоянная или временная), срока регистрации, статуса услугополучателя (является или не является собственником жилья).

О результате можно будет узнать в разделе «История».

Напомним, что Президент страны К.К. Токаев обратил внимание на проблемы, с которыми сталкиваются люди при получении госуслуг. Он поручил полностью оцифровать эти процессы.

«Ворох бумаг, хождение по мукам. Необходимо полностью оцифровать эти процессы. „Бегать“ должны данные, а не люди. Нужно стремиться к отказу от использования бумаги в межведомственном взаимодействии и при общении с гражданами», — подчеркнул Глава государства.

Министерством внутренних дел продолжается работа по цифровизации и автоматизации государственных услуг, предоставляемых гражданам Казахстана. На сегодняшний день МВД автоматизировано 38 госуслуг из 40 оказываемых ведомством.

Это дает положительные эффекты. У населения сокращаются контакты с полицией. Граждане экономят своё время, так как отпала необходимость сбора справок и сведений, которые имеются в информационных системах госорганов. Имеется возможность получить государственную услугу не выходя из дома или офиса.




Также сокращены этапы и сроки получения госуслуг. Обеспечена прозрачность их оказания, так как можно отслеживать этапы, а также своевременность и объективность принятого решения.

**Пресс-служба МВД Республики Казахстан**

**Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".**
“Приозерский вестник” газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлік.
**Редакцияның мекен-жайы:** 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.
**Анықтама телефондары:** +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). **E-mail:** prz_westnik@mail.ru;
**instagram:** https://shortlinks.plus/zmsid, **fb:**https://shortlinks.plus/qfbKi
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 14/762. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

**Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.**
**Техникалық редактор: А.В.Струментов.**
**Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63**
**Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz_westnik@mail.ru**

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.
**Жазылу индексі - 65041**

*Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.*